

**Ресми рецензент Ризаходжаева Ғулнара Абдумажитқызының**  
**БД011900 – Шетел тілі: екі шетел тілдері мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**  
**Жаназарова Загира Кожабаявнаның «Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ**  
**шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» атты**  
**диссертациялық жұмысына жазбаша пікірі**

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін астын сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбы (бекітілген күніндегі жағдайы бойынша) ғылымды дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p>	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:                      1) Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі)                      2) Диссертациялық жұмыс басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған ( бағдарламаның атауы)                      3) Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жоғары Респубикасы Ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағыттың көрсетуі қажет).</p>	<p>Жаназарова Загира Кожабаявнаның диссертациялық жұмысы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес орындалған. Зерттеу жұмысы ұзақ мерзімді даму мақсаттарын айқындайтын «Қазақстан – 2050» стратегиясының негізгі міндеттерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында белгіленген басымдықтармен сабақтастықта жүзеге асырылған.</p> <p>Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформацияны және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарына, білім беруді дамытудың стратегиялық құжаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес орындалған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлес қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы жеткілікті <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>	<p>3.К. Жаназарованың диссертациялық зерттеуі шетелдік білім беру жүйесін дамытуға маңызды ғылыми үлес қосады. Ізденушінің ғылыми зерттеуінің ерекшелігі метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін кешенді түрде қарастыруымен, аталған ұғымның мәні мен мазмұнын нақтылауымен, оның</p>

		<p>құрылымы мен қалыптасу критерийлерін жүйелеуімен, сондай-ақ экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында оны қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздерін жүзеге асыру жолдарын ұсынуымен сипатталады. Зерттеу барысында метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдык моделі әзірленіп, оның мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-пәндік, процесстік-ұйымдастырушылық, критериялды-диагностикалық және нәтижелік блоктардан тұратын құрылымы ғылыми тұрғыдан негізделген. Модельдің мазмұны, компоненттері мен оларды жүзеге асыру тетіктері нақты айқындалып, оны іске асырудың лингводидактикалық шарттары белгіленген. Сонымен қатар, аталған модельді практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға бағытталған кезеңдік әдістеме, жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесі және экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі әзірленген. Зерттеудің өзектілігі, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маныздылығы диссертациялық жұмыста жан-жақты ашылып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәйекті түрде дәлелденген.</p>
<p>3. <b>Өзі жазу принципі</b></p>	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. жоғары;</li> <li>2. орта;</li> <li>3. төмен;</li> <li>4. өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Орындалған диссертациялық зерттеудің ғылыми дербестік деңгейі жоғары. З.К. Жаназарова зерттеу жұмысының орындау барысында ғылыми ізденісті өз бетінше жүргізе алатынын, зерттеу мәселелерін терең талдап, оларды дербес шешуге қабілетті екенін көрсетті. Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асырып, зерттеу логикасын дұрыс құра білген, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан негіздеп, нақты қорытындылар жасаған. Диссертациялық жұмыстың мазмұны автордың ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің жоғары деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді. Зерттеу</p>

		<p>барысында теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік нәтижелер өзара сабақтастықта қарастырылып, ұсынылған ғылыми-әдістемелік шешімдердің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен расталған. Сонымен қатар, ізденуші зерттеудің қолданбалы аспектілерін жоғары деңгейде меңгергенін көрсетіп, алынған нәтижелерді білім беру практикасына енгізудің нақты жолдарын ұсынған. Бұл диссертациялық жұмыстың мазмұны мен қол жеткізілген нәтижелерінен айқын көрініс табады.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <u>негізделген:</u></li> <li>2. ішінара негізделген;</li> <li>3. негізделмеген.</li> </ol>	<p>3. К. Жаназарованың диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі жан-жақты негізделген. Қазіргі таңда Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіне кірігуі, шетгүлдік білім беру сапасын арттыру, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау және болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру мәселелері ерекше маңызға ие болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеу уақыт талабынан туындаған өзекті ғылыми-педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады.</p> <p>Ізденуші зерттеу жұмысының өзектілігін қазіргі шетгүлдік білім беруді дамытудың басым бағыттарымен, білім беру жүйесін жанғырту үдерістерімен, мәдениетаралық коммуникация талаптарымен және болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына қойылатын заманауи талаптармен сабақтастықта қарастырған. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбының өзектілігі педагогикалық теория мен практикада қалыптасқан қарама-қайшылықтарды ғылыми тұрғыдан талдау арқылы дәйектеліп, зерттеу мәселесінің ғылыми және практикалық маңыздылығы нақты көрсетілген.</p>

	<p>4.2 Диссертациянын мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <u>айкындайды</u>;</li> <li>2. <u>іншара айкындайды</u>;</li> <li>3. <u>айкындалмайды</u>.</li> </ol>	<p>Диссертациянын мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және онын мәнін жан-жақты ашып көрсетеді. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, әр тарау бойынша тұжырымдардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбынын өзектілігі негізделіп, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні, ғылыми болжамы, әдіснамалық және теориялық негіздері, зерттеу әдістері, ғылыми жаналығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеу нәтижелерінің сынақтан өтуі мен жариялануы туралы мәліметтер берілген.</p> <p>Бірінші тарауда экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері қарастырылып, шеттілдік білім берудің даму үрдістері, метакоммуникативтік құзыреттіліктің мәні, мазмұны, құрылымы және оның кәсіби дәйриліктегі рөлі айкындалған. Сонымен қатар, аталған құзыреттілікті қалыптастыруда жобалау технологияларын қолданудың теориялық-педагогикалық мүмкіндіктері негізделген.</p> <p>Екінші тарауда зерттеудің әдістемелік жүйесі ұсынылып, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдык моделі әзірленген. Сондай-ақ профконцепт мазмұны мен аспектілері жүйеленіп, жобалау технологиясына негізделген жаттығулар кешені, кезендік оқыту әдістемесі және экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі ұсынылған.</p> <p>Үшінші тарауда ұсынылған әдістеме мен модельдің тиімділігін тексеруге бағытталған тәжірибелі-</p>
--	---	---

		<p>эксперименттік жұмыс нәтижелері байындалған. Эксперимент барысында алынған деректерге сандық және сапалық талдау жасалып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған әзірленген лингводидактикалық жүйенің тиімділігі статистикалық тұрғыдан дәлелденген.</p> <p>Жұмыстың құрылымы мен мазмұны теориялық қағидаларды практикалық шешімдермен және олардың нәтижелерін бағалаумен өзара сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, диссертацияның құрылымы мен мазмұны ұсынылған зерттеу тақырыбын толық әрі жүйелі түрде ашып, оның зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келетінін дәлелдейді.</p>
	<p>4.3 Мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2. <u>ішінара сәйкес келеді</u>;</li> <li>3. <u>сәйкес келмейді</u></li> </ol>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты – жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу, мазмұндық-функционалдық моделін құру және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру ретінде нақты әрі ғылыми тұрғыдан негізді тұжырымдалған.</p> <p>Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін ізденуші бірқатар өзара сабақтас міндеттерді анықтаған. Атап айтқанда, зерттеуде «метакоммуникативтік құзыреттілік» ұғымының мәні, мазмұны мен құрылымы нақтыланған; экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында аталған құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделі әзірленіп, оның лингводидактикалық шарттары айқындалған; кәсіби тілдік сананы қалыптастыру құралы ретінде профкондепт мазмұны мен аспектілері негізделген; жобалау технологияларына негізделген жаттығулар жүйесі,</p>

		<p>кезeндiк оқыту әдiстемесi және концептiлер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздiгi әзiрленген; ұсынылған әдiстеменiң тиiмдiлiгi тәжiрибелi-эксперименттiк жұмыс барысында тексерiлген.</p> <p>Зерттеу болжамы зерттеудiң мақсаты мен мiндеттерiн айқындау логикасымен толық үйлеседi және диссертациялық жұмыстың тұжырымдамалық негiзiн құрайды. Зерттеу мақсаты, мiндеттерi мен болжамының өзара байланыста құрылуы ғылыми iзденiстiң жүйелi түрде ұйымдастырылғанын көрсетедi және зерттеу мазмұнының iшкi бiрiздiлiгi мен логикалық тұтастығын дәлелдейдi.</p>
<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлiмдерi мен қағидалары логикалық тұрғыдан өзара байланысты:</p>	<p>1. <u>толық өзара байланысты</u>;  2. өзара байланыс iшiнара;  3. өзара байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның бөлiмдерi мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан өзара сабақтастықта әрi логикалық бiрiздiлiкпен құрылған. Зерттеу жұмысының кiрiспесi, теориялық және тәжiрибелi-эксперименттiк бөлiмдерi зерттеу мақсаты мен мiндеттерiн толық ашуға бағытталған.</p> <p>Диссертацияның әрбiр тарауы өзара тығыз байланыста болып, зерттеудiң жалпы тұжырымдамасын дәйектi түрде дамытуға қызмет етедi. Теориялық бөлiмде ұсынылған ғылыми қағидалар мен тұжырымдар тәжiрибелi-эксперименттiк жұмыс барысында тексерiлiп, алынған нәтижелер мен қорытындылар бiрiн-бiрi толықтырады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны зерттеу тақырыбын жан-жақты ашып, оның ғылыми негiздiлiгi мен логикалық тұтастығын қамтамасыз етедi.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жана шешiмдер (принциптер, әдiстер) дәлелденген және белгiлi шешiмдермен</p>	<p>Ізденушi зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерге, отандық және шетелдiк ғалымдардың еңбектерiне, сондай-ақ нормативтiк-құқықтық құжаттарға жан-жақты сыни талдау жүргiзген. Автор ұсынған ғылыми</p>

	<p>салыстырылып бағаланған:</p> <p><b><u>сыни талдау бар:</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. талдау ішінара;</li> <li>2. талдау автордың өз ойлары емес, басқа авторлардың дәйексөздерінен тұрады;</li> <li>3. талдау жоқ.</li> </ol>	<p>тұжырымдар мен шешімдер теориялық тұрғыдан негізделіп, тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденген.</p> <p>Зерттеу барысында экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған мазмұндық-функционалдық модель, кезеңдік оқыту әдістемесі, жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесі және концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі әзірленген. Ұсынылған ғылыми-әдістемелік шешімдер қазіргі шетілдік білім берудің талаптарына сәйкес келіп, оқытудың заманауи мүмкіндіктерін тиімді пайдаланумен ерекшеленеді.</p> <p>Зерттеу нәтижелері тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, ұсынылған модель мен әдістемелік жүйенің тиімділігі сандық және сапалық көрсеткіштер арқылы расталған.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жанашылдығы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <b><u>толғымен жаңа;</u></b></li> <li>2. <b>жартылай жаңа (25–75%);</b></li> <li>3. <b>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</b></li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеудің ғылыми нәтижелері мен негізгі тұжырымдары жанашылдығымен ерекшеленеді. Диссертант экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігі ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылап, оның құрылымын құрайтын субқұзыреттіліктерді және қалыптау критерийлерін жүйелеген.</p> <p>Зерттеу барысында метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделі әзірленіп, оны жүзеге асырудың лингводидактикалық шарттары айқындалған. Сонымен қатар, кәсіби тілдік сананы қалыптастыру құралы ретінде профконцепт мазмұны мен оның аспектілері теориялық тұрғыдан негізделген.</p>

		<p>Диссертант жобалау технологиясына негізделген жаттыгулар жүйесін, кезеңдік оқыту әдістемесін және концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігін әзірлеген. Ұсынылған ғылыми-әдістемелік шешімдердің тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен дәлелденген, бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын айқындайды.</p>
	<p>5.2. Диссертация қорытындылары жана ма?   <b>1. толық жана;</b>  2. бөліктік жана (жана 25–75%);  3. жаналығы жоқ (жана 25%-дан аз).</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары ғылыми жаңалығымен және теориялық-практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Ізденуші экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін жүйелі түрде зерттей отырып, атылған ұғымын мәні мен мазмұнын нақтылаған, оның тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктерден тұратын құрылымын айқындап, қалыпташу критерийлерін жүйелеген.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдык моделі әзірленіп, оны жүзеге асырудың мазмұндық, технологиялық және ресурстық лингводидактикалық шарттары негізделген. Сонымен қатар, кәсіби тілдік сананы қалыптастыру құралы ретінде профконцепт мазмұны мен оның аспектілері айқындалып, жобалау технологиясына негізделген кезеңдік оқыту әдістемесі, жаттыгулар жүйесі және концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі әзірленген.</p> <p>Ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен әдістемелік шешімдердің тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында дәлелденген. Диссертацияның қорытындылары</p>

		Қазақстан Республикасындағы шеттілдік білім беру теориясы мен әдістемесін дамытуға қосылған маңызды ғылыми үлес ретінде бағалануға лайық.
	<p>5.3Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана</p> <p>2) жартылай жана ( 25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес ( 25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару сипатындағы ғылыми-әдістемелік шешімдер толығымен жана және жеткілікті дәрежеде негізделген болып табылады. Диссертацияда жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесі мен кезеңдік оқыту әдістемесі әзірленіп, концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі ғылыми-әдістемелік құрал ретінде ұсынылған. Ұсынылған шешімдердің тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен дәлелденген.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың ғылыми дәлелділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми дәлелдерге <u>негізделген</u>/негізделмеген немесе жеткілікті дәрежеде негізделген (qualitative research үшін және өнер мен гуманитарлық ғылымдарды дайындау бағыттары бойынша).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары мен қорытындылары ауқымды теориялық және тәжірибелік дәлелдер негізінде ғылыми тұрғыдан дәйекті түрде негізделген. Ұсынылған қорытындылар әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді жүйелі талдау нәтижесінде тұжырымдалып, ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.</p>
<p>7. Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар</p>	<p>Әрбір тұжырым бойынша жеке-жеке келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p><b>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</b></p>	<p><b>1-тұжырым:</b> Метакоммуникативтік құзыреттілік болашақ шетел тілі магалимінің кәсіби қарым-қатынас үдерісін саналы түрде басқаруға, коммуникативтік стратегияларды түсінуге және тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін білім, дағдылар мен қабілеттер жинақтығы ретінде анықталады.</p>

	<p><b>7.2 Тұжырым тривиалды ма?</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <u>не</u>;</li> <li>2. <u>жок</u>;</li> <li>3. қазіргі тұжырымда тривиальдылықты тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p><b>7.3 Тұжырым жана?</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <u>не</u>;</li> <li>2. <u>жок</u>;</li> <li>3. қазіргі тұжырымда жанашылдықты тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p><b>7.4 Колдану денгейі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. тар;</li> <li>2. орташа;</li> <li>3. <u>кең</u>;</li> <li>4. қазіргі тұжырымда колдану денгейін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p><b>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</b></p>	<p>Оның құрылымын тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктер құрайды.</p> <p><b>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</b></p> <p>Иә, дәлелденген. Тұжырым шетілдік білім беру, мәдениетаралық коммуникация, метакоммуникация және құзыреттілік тәсілі саласындағы ғылыми еңбектерді теориялық талдау нәтижелерімен, сондай-ақ тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелермен негізделген.</p> <p><b>7.2 Тұжырым тривиалды ма?</b></p> <p>Жок, тривиалды емес. Себебі зерттеуде метакоммуникативтік құзыреттілік ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланып, оның құрылымын құрайтын тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктер жүйеленген.</p> <p><b>7.3 Тұжырым жана ма?</b></p> <p>Иә, тұжырым жана болып табылады. Оның жаналығы метакоммуникативтік құзыреттіліктің құрылымын, мазмұнын және қалыптасу критерийлерін ғылыми тұрғыдан нақтылауымен сипатталады.</p> <p><b>7.4 Колдану денгейі кандай?</b></p> <p>Колдану денгейі кең. Тұжырымның нәтижелерін жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде, білім беру бағдарламаларын жетілдіруде және шетілдік білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерде қолдануға болады.</p> <p><b>7.5 Тұжырым келесі мақсаттарда дәлелденген:</b></p> <p>Тұжырымның негізгі нәтижелері «Шетел тілі мұғалімінің кәсіби біліктілігінің метакоммуникативтік компоненті» (2017), «Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды үлгілеудің кейбір элементтері» (2017), «Some aspects of</p>
--	--	--

	<p>1. иә; 2. жоқ; 3. қазіргі тұжырымда мақалада дәлелділікті тексеру мүмкін емес.</p>	<p>formation of metacommunicative competence in the process of professional training» (2018), «Conceptual platform for formation of the meta-communicative competence of a future foreign language teacher at a specialized school of economics» (2020) атты ғылыми мақалаларда жарияланып, ғылыми қауымдастық талқылауынан өткен.</p> <p><b>2-тұжырым:</b> Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдык моделі кәсіби-танымдық, коммуникативті-құзыретті және инновациялық-рекеттік тәсілдерге негізделген. Модель оқыту процесінің мақсатын, мазмұнын және нәтижесін жүйелеп, жобалау технологияларын білім беру үдерісіне тиімді енгізуді қамтамасыз етеді.</p> <p><b>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</b></p> <p>Иә, дәлелденген. Тұжырым зерттеудің теориялық қағидаларымен негізделіп, мазмұндық-функционалдык модельдің тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы тексерілген.</p> <p><b>7.2 Тұжырым тривиялды ма?</b></p> <p>Жоқ, тривиялды емес. Себебі зерттеуде метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдык моделі мен оны жүзеге асырудың лингводидактикалық шарттары алғаш рет біртұтас жүйе ретінде ұсынылған.</p> <p><b>7.3 Тұжырым жаңа ма?</b></p> <p>Иә, тұжырым жаңа болып табылады. Оның жаңалығы мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-пәндік, процесстік-ұйымдастырушылық, критериялды-диагностикалық және нәтижелік блоктардан тұратын мазмұндық-функционалдык модельді әзірлеуімен сипатталады.</p> <p><b>7.4 Колдану денгейі қандай?</b></p>
--	---	---

		<p>Қолдану деңгейі кен. Ұсынылған модель жоғары оқу орындарында шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде, білім беру бағдарламаларын жобалауда және оқу-әдістемелік жұмыстарда қолданылуы мүмкін.</p> <p>7.5 Тұжырым келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>«Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды үлгілеудің кейбір элементтері» (Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, 2017), «Conceptual platform for formation of the meta-communicative competence of a future foreign language teacher at a specialized school of economics» (International Research Association for Talent Development and Excellence, 2020), «Научно-педагогические подходы к формированию профессиональной метакоммуникативной компетенции будущих учителей ИЯ в профильной школе» (Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, 2020).</p> <p><b>3-тұжырым.</b> Профконцепт мазмұны мен аспектілері (салалық, концептуалды-аккумулятивті және креативтік) болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби тілдік санасын қалыптастыруға бағытталған интеграцияланған лингводидактикалық жүйе болып табылады.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</p> <p>Иә, дәлелденген. Тұжырым кәсіби тілдік сана, когнитивтік лингводидактика, концептуалды талдау және шеттілдік білім беру теорияларының қағидалары негізінде теориялық тұрғыдан негізделіп, тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен расталған.</p> <p>7.2 Тұжырым тривиалды ма?</p> <p>Жоқ, тривиалды емес. Себебі зерттеуде профконцепт мазмұны мен оның салалық, концептуалды-аккумулятивті және креативтік аспектілері кәсіби тілдік сананы қалыптастырудың арнайы құралы ретінде қарастырылып, олардың құрылымдық-мазмұндық сипаттамалары</p>
--	--	--

	<p>айкындалған.</p> <p><b>7.3 Тұжырым жана ма?</b></p> <p>Иә, тұжырым жана болып табылады. Оның жаналығы профконцепт мазмұны мен аспектілерін кәсіби тілдік сананы қалыптастырудың лингводидактикалық құралы ретінде ғылыми тұрғыдан негіздеуімен сипатталады.</p> <p><b>7.4 Қолдану деңгейі қандай?</b></p> <p>Қолдану деңгейі кен. Тұжырым нәтижелерін жоғары оқу орындарының шетілдік білім беру бағдарламаларында, кәсіби-бағдарланған шетел тілін оқытуда, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеуде және ғылыми зерттеулерде қолдануға болады.</p> <p><b>7.5 Тұжырым келесі макалаларда дәлелденген:</b></p> <p>«Профиль-концепт бейіндік мектептерде контенттік-негізде үлгілеуді ұйымдастыру» (Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, 2017), «Conceptual platform for formation of the meta-competitive competence of a future foreign language teacher at a specialized school of economics» (International Research Association for Talent Development and Excellence, 2020), «Лингводидактические особенности организации профессионально-метакоммуникативного содержания иноязычного образования» (Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2023).</p> <p><b>4-тұжырым.</b> Жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесі, кезеңдеп оқыту әдістемесі және концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді практикалық механизмі болып табылады.</p> <p><b>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</b></p> <p>Иә, дәлелденген. Тұжырым зерттеу барысында әзірленген жаттығулар жүйесін, кезеңдік оқыту әдістемесін және</p>
--	---

		<p>тезаурустық сөздікті оқу үдерісінде қолдану нәтижелерімен, сондай-ақ тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында алынған деректермен негізделген.</p> <p>7.2 Тұжырым тривиалды ма?</p> <p>Жоқ, тривиалды емес. Себебі зерттеуде жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесі, кезеңдік оқыту әдістемесі және экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі өзара байланыста қарастырылып, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тұтас әдістемелік жүйесі ретінде ұсынылған.</p> <p>7.3 Тұжырым жана ма?</p> <p>Иә, тұжырым жана болып табылады. Оның жаналығы жобалау технологиясына негізделген кезеңдік оқыту әдістемесін, жаттығулар жүйесін және концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігін әзірлеуімен сипатталады.</p> <p>7.4 Қолдану денгейі қандай?</p> <p>Қолдану денгейі кен. Ұсынылған әдістемелік шешімдерді жоғары оқу орындарында шетел тілі мұғалімдерін даярлау барысында, кәсіби-бағдарланған шетел тілін оқытуда, арнайы курстар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуде пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Тұжырым келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>«Задачи профессионально-иноязычного образования в вузе для реализации преподавания английского языка в экономических классах» (ҚазХКЖӘТУ хабаршысы, 2025), «Formation of metacommunicative competence in the context of professional training of future foreign language teachers» (ISER International Conference on Education and Social Science, 2017), «Принципы формирования метакоммуникативной компетенции иноязычного</p>
--	--	--

		<p>профильного образования» (IX Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 2022), сондай-ақ «Английский язык для учителей иностранного языка в школах с экономическим уклоном» (2026) оқулығы мен «A Concise thesaurus dictionary of economic terms and concepts» (2026) тезаурустық сөздігінде көрініс тапқан.</p> <p><b>5-тұжырым.</b> Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында алынған он динамикалық көрсеткіштермен негізделеді.</p> <p><b>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</b></p> <p>Иә, дәлелденген. Тұжырым тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың нәтижелерімен, білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерін диагностикалау барысында алынған сандық және сапалық көрсеткіштермен, сондай-ақ олардың статистикалық өңдеу нәтижелерімен негізделген.</p> <p><b>7.2 Тұжырым тривиалды ма?</b></p> <p>Жоқ, тривиалды емес. Себебі зерттеуде метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімділігі арнайы ұйымдастырылған тәжірибелі-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп, оның нәтижелері ғылыми тұрғыдан дәлелденген.</p> <p><b>7.3 Тұжырым жаңа ма?</b></p> <p>Иә, тұжырым жаңа болып табылады. Оның жаналығы метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған әдістеменің тиімділігін тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелдеуімен және алынған нәтижелерді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеуімен сипатталады.</p> <p><b>7.4 Қолдану деңгейі қандай?</b></p> <p>Қолдану деңгейі кен. Зерттеу нәтижелерін жотары оқу</p>
--	--	--

		<p>орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде, шеттілік білім беру бағдарламаларын жетілдіруде және кәсіби-бағдарланған шетел тілін оқыту тәжірибесінде пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Тұжырым келесі макалаларда дәлелденген:</p> <p>«Developing metacompetence in future primary school teachers» (Suriot Journal of Educational Sciences, 2022), «Formation of meta-subject skills in students of specialized classes in English lessons» (Scientific Herald of Uzbekistan University, Series "Physics", 2024), «Научно-педагогические подходы к формированию профессиональной метакоммуникативной компетенции будущих учителей ИЯ в профильной школе» (Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, 2020), сондай-ақ «Formation of metacompetitive competence in the context of professional training of future foreign language teachers» (Madrid, 2017) және «Формирование метакоммуникативной компетентности в контексте профессиональной подготовки будущих учителей иностранных языков» (Пенза, 2018) атты ғылыми еңбектерде көрініс тапқан.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен берілген ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама жеткілікті түрде сипатталған:</p> <p>1. <b>на;</b></p> <p>2. <b>жоқ.</b></p>	<p>Зерттеу әдіснамасының тандауы ғылыми тұрғыдан негізделген және диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімінде жан-жақты сипатталған. Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес теориялық, лингвобдидактикалық, эмпирикалық және математикалық-статистикалық әдістер кешені қолданылған. Атап айтқанда, ғылыми әдебиеттер мен нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, салыстыру, жүйелеу, модельдеу, сауалнама жүргізу, сұхбаттасу, тестілеу, бақылау, ассоциативтік және педагогикалық эксперимент әдістері пайдаланылған. Зерттеу нәтижелерін өңдеу барысында салыстырмалы талдау мен математикалық статистика әдістері</p>

		<p>Колданылган.</p> <p>Диссертациялык зерттеу барысында ізденуші метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдык моделін әзірлеп, жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесін, кезендік оқыту әдістемесін және экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігін дайындаған. Сонымен қатар, білім алушылардың кәсіби-тілдік санасын, экономикалық концепттерді қабылдау ерекшеліктерін және метакоммуникативтік құзыреттілік деңгейлерін анықтауға бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізген.</p> <p>Зерттеуде пайдаланылған әдістер мен құралдар кешені зерттеу мақсатына қол жеткізуге, алынған нәтижелердің сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берген. Жалпы алғанда, ізденуші таңдаған зерттеу әдіснамасы қазіргі шеттілдік білім беру парадигмасының талаптарына толық сәйкес келеді.</p>
	<p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін пайдалану арқылы алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <u>ізі:</u></li> <li>2. жок.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи теориялық, эмпирикалық және математикалық-статистикалық әдістерін кешенді қолдану негізінде алынған. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге, заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттарға ғылыми-теориялық талдау жүргізу, салыстыру, жүйелеу, модельдеу, профконцепт аспектілерін анықтау, экономикалық терминдер мен ұғымдардың тезаурустық сөздігін құрастыру, сауалнама жүргізу, сұхбаттау, тәстілеу, бақылау, ассоциативтік және педагогикалық эксперимент әдістері пайдаланылған. Алынған нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау барысында сапалық және сандық талдау, салыстырмалы талдау және математикалық-статистикалық өңдеу әдістері қолданылған. Колданылған зерттеу әдістері мен деректерді талдау тәсілдері алынған нәтижелердің</p>

	<p>8.3 Теориялык корытындылар, модельдер, аныкталган өзара байланыштар мен зандылыктар эксперименттик зерттеулермен дәлелденген және расталган (педагогикалык ғылымдар бойынша даярлау багыттары үшін нәтижелер педагогикалык эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <b>на:</b></li> <li>2. <b>жок.</b></li> </ol>	<p>сенімділігі мен негізділігін камтамасыз етеді.</p> <p>Диссертацияда ұсынылган теориялык корытындылар, ғылыми тұжырымдар, мазмұндық-функционалдык модель және оны жүзеге асырудың ливгводидиактикалык шарттары тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, өз дәлелін тапқан. Зерттеу барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған кезндік оқыту әдістемесі, жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесі және экономикалык терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустык сөздігі оқу үдерісіне енгізіліп, олардың тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында тексерілген.</p> <p>Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінде жүргізіліп, білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілік деңгейлері диагностикаланған. Эксперимент барысында алынған нәтижелер сапалық және сандық тұрғыдан өңделіп, кестелер мен диаграммалар арқылы</p>

		<p>салыстырмалы талдау жасалган. Нәтижесінде білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткіштерінде он динамика байқалған және Scopus деректер базасында жарияланған мақалада метақұзыреттілік ұғымының теориялық негіздері мен оның кәсіби даярдау үдерісіндегі маңызы жан-жақты талданған.</p> <p>Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелері зерттеу болжамының дұрыстығын толық растап, қойылған мақсат пен міндеттердің табысты жүзеге асырылғанын көрсетті. Алынған эксперименттік нәтижелер зерттеудің теориялық қағидаларының негізділігін растап, ұсынылған әдістеменің тиімділігі мен практикалық маңыздылығын дәлелдейді.</p> <p>Жұмыстағы маңызды тұжырымдар дәлелденген. Диссертацияда берілген маңызды тұжырымдар өзекті әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сиптемелер арқылы негізделген. Зерттеу жұмысында отандық және шетелдік ғалымдардың шеттілдік білім беру, мәдениетаралық коммуникация, метакоммуникация, когнитивтік лингводидактика, құзыреттілік тәсілі және жобалау технологиялары салаларындағы іргелі және заманауи ғылыми еңбектері кенінен пайдаланылған.</p> <p>Пайдаланылған Дереккөздер қатарында класикалық ғылыми еңбектермен бірге соңғы жылдары жарияланған заманауи зерттеулердің қамтылуы зерттеу жұмысының жан-жақты әрі жүйелі жүргізілуінен және қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін көрсетеді. Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі теориялық және әдіснамалық тұрғыдан дәйектелуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппараттымен сәйкестігімен, кешенді зерттеу әдістерін қолдануымен, тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ұсынылған</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған, расталмаған.</p>		

		<p>әдістеменің тиімділігінің дәлелденуімен және зерттеу болжамының толық расталуымен қамтамасыз етілген.</p> <p>Сонымен қатар, диссертация нәтижелері ізденушінің Scopus деректер базасына енген халықаралық ғылыми журналдарда және ғылыми қауымдастық мойындаған басшыларда жарияланған еңбектері арқылы апробациядан өткен. Оның ішінде метақұзыреттілікті дамыту мәселелеріне арналған жарияланымдар зерттеу тақырыбының теориялық негіздерін тереңдетуге және метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми алғышарттарын айқындауға ықпал еткен.</p>
<p><b>8.5</b> Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз:</p>	<p><b>8.5</b> Диссертациялық зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер қоры әдеби шолу жүргізу үшін жеткілікті, зерттеу тақырыбына сәйкес келетін 174 ғылыми дереккөзді қамтиды, бұл зерттеу мәселесін жан-жақты қарастыруға және оның теориялық-әдіснамалық негіздерін толық ашуға мүмкіндік берген. Зерттеудің теориялық негізін шеттілдік білім беру теориясы мен әдістемесі саласындағы С.С. Кунанбаева, Е.И. Пассов, Р.П. Мильруд; құзыреттілік тәсілі мен шеттілдік білім берудің құзыреттілік моделі саласындағы В.П. Беспалько, А.Т. Чагликова, Б.А. Жетписбаева, А.В. Хуторской, С.А. Узакбаева; мәдениетаралық коммуникация және коммуникативтік дарлық мәселелері бойынша Р. Якобсон, А. Вежбицкая, М.О. Гузикова, Р.Х. Джонс, А. Ислам, А.А. Головачун, А.К. Садықова, Г.Б. Жумабекова, Г.А. Ризаходжаева; метакоммуникация және метакоммуникативтік құзыреттілік мәселелері бойынша Г. Бэйтсон, П. Ватплавик, Г.Р. Ломакина, Д.И. Остапенко, Т.М. Дридзе, Т.А. Кульгильдинова; кәсіби шеттілдік турланы қалыптастыру мәселелері бойынша С.Г. Тер-Минасова, И.А. Зимняя, Д.Н. Кулибаева, А.В. Малев; когнитивтік лингводидактика және концептуалды талдау</p>	

		<p>сағасындағы Дж. Лакофф, З.Д. Попова, Г.Б.Мәдиева, Н.Ж. Шаймерденова; жобалау технологиясы бойынша Дж. Дьои, В. Киплатрик, Е.С. Полат, Н.Ю. Пахомова еңбектері құрайды.</p> <p>Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері кенінен қамтылып, зерттеу тақырыбына қатысты сенімді әрі өзекті дереккөздер пайдаланылған. Пайдаланылған әдебиеттер қатарында классикалық ғылыми еңбектермен бірге соңғы жылдары жарияланған заманауи зерттеулердің болуы зерттеу жұмысының жан-жақты әрі жүйелі жүргізілгенін көрсетеді.</p> <p>Жалпы алғанда, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер қоры сапалы әдеби шолу жасауға жеткілікті, мазмұндық тұрғыдан негізді және зерттеу тақырыбының теориялық әрі әдіснамалық негіздерін толық ашуға мүмкіндік береді.</p>
<p>9 Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1. <u>иә</u>;</p> <p>2. жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Зерттеу барысында экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы метакоммуникативтік құзыреттілік ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланып, оның тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктерден тұратын құрылымы мен қалыптасу критерийлері ғылыми тұрғыдан жүйеленген. Сонымен қатар, аталған құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдык моделі әзірленіп, оны жүзеге асырудың мазмұндық, технологиялық және ресурстық лингводидактикалық шарттары айқындалған.</p> <p>Зерттеуде кәсіби тілдік сананы қалыптастыру құралы ретінде профконцепті мазмұны мен оның салалық, концептуалды-аккумулятивті және креативтік аспектілері теориялық тұрғыдан негізделіп, олардың шеттілдік білім беру үдерісіндегі орны мен қызметі анықталған. Ұсынылған ғылыми тұжырымдар метакоммуникативтік</p>

		<p>құзыреттілікті қалыптастыру теориясын толықтырып, экономикаға бағдарланған шеттілік білім беру әдістемесінің ғылыми негіздерін кеңейтеді.</p> <p>Диссертация нәтижелері шеттілік білім беру теориясын, кәсіби-бағдарланған оқыту әдістемесін және метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми негіздерін одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы педагогика ғылымы мен шеттілік білім беру әдістемесінің теориялық негіздерін толықтыруға қосылған маңызды ғылыми үлес болып табылады.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. иә;</li> <li>2. жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы жоғары. Зерттеу барысында экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесі мен кезеңдік әдістеме әзірленген. Жаттығулар жүйесі салалық, концептуалды-аккумулятивті және креативті аспектілерге негізделіп, тезаурустық, дискурсивті-интерактивтік және жобалық-рефлексивтік жаттығулар кешенін қамтиды.</p> <p>Ұсынылған әдістеме үш кезең арқылы жүзеге асырылған: концептуалды-бағдарлаушы кезеңде білім алушылардың кәсіби-экономикалық терминологияны меңгеру, терминдерді саныстыру, жүйелеу және тезаурустық талдау дағдылары дамытылған; ақпараттық-пәндік кезеңде кәсіби мәтіндер мен бейнемагериалдарды талдау, интерпретациялау, пікірталас жүргізу, ақпарат алмасу, концепт-карта жасау және экономикалық дискурсты құрастыру жұмыстары жүргізілген; рефлексивті-интерактивті кезеңде мини-жоба, case-study, рөлдік ойын, SWOT-талдау, рефлексивті эссе және портфолио арқылы білім алушылардың жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігі қалыптастырылған.</p>

		<p>Зерттеу аясында «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» пәнінің мазмұнына жобалық оқыту технологиясы енгізіліп, Management, Financial culture және Business trends тақырыптары бойынша кәсіби-бағытталған тапсырмалар жүйесі ұсынылған. Аталған тапсырмалар білім алушылардың кәсіби-экономикалық терминологияны меңгеруіне, оны шетел тіліндегі кәсіби коммуникацияда қолдануына, аналитикалық және рефлексивтік ойлауын дамытуына мүмкіндік берген.</p> <p>Зерттеу нәтижелері негізінде «Экономикалық бағыттағы мектептердің шетел тілі мұғалімдеріне арналған арғылшын тілі» атты оқулық пен концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі дайындалған. «<i>Экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі</i>» авторлық құқық объектісі репінде тіркеліп, 2026 жылғы 18 мамырдағы №72230 куәлікпен расталған.</p> <p>Тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін дәлелдеп, әзірленген оқу-әдістемелік материалдардың жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау, кәсіби-бағдарланған шетел тілін оқыту және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру бағытында практикалық тұрғыдан құнды екенін көрсетеді.</p> <p><b>Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы бар.</b> Зерттеу барысында экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдык моделі әзірленген. Модель тұжырымдамалық, мазмұндық-пәндік, процессті-ұйымдастырушылық, критериялы-диагностикалық және нәтижелік блоктарды қамтып, оны</p>
<p>9.3 Практикалық ұсынғыстар жаңа болып табылады?</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2. жартылай жаңа (жаңа 25–75%);</li> <li>3. Жаңа емес (жаңа 25%-дан аз).</li> </ol>	

		<p>жүзеге асырудың лингводидактикалық шарттарымен толықтырылған.</p> <p>Зерттеуде кәсіби тілдік сананы қалыптастыру құралы ретінде профконнепт ғылыми тұрғыдан негізделіп, оның салалық, концептуалды-аккумулятивті және креативті аспектілері айқындалған. Осы негізде тезаурустық, дискурсивті-интерактивтік және жобалық-рефлексивтік жаттығулардан тұратын жаттығулар жүйесі әзірленген.</p> <p>Сонымен қатар, «Коммуникативтік мамандандырылған практикүм» пәні аясында метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың кезендік әдістемесі ұсынылып, оның концептуалды-бағдарлаушы, ақпараттық-пәндік және рефлексивті-интерактивті кезендері айқындалған. Әдістеме жобалық оқыту технологиясына негізделіп, кәсіби мәтіндерді талдау, пікірталас, кейс-талдау, мини-жобалар және рефлексиялық тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Ұсынылған практикалық шешімдерді жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде, кәсіби-бағдарланған шетел тілін оқытуда, біліктілікті арттыру курстарында және қашықтан оқыту жағдайында пайдалануға болады. Сондықтан диссертацияның практикалық ұсыныстары жанашылдығымен, әдістемелік негізділігімен және қолданбалы құндылығымен ерекшеленеді.</p>
10. Жазу және ресімдеу сапасы	<p><b>Академиялық жазу сапасы:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. жоғары;</li> <li>2. орташа;</li> <li>3. орташадан төмен;</li> <li>4. төмен</li> </ol>	<p><b>1. Жоғары</b></p> <p>Диссертация мәтінінің академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Зерттеу жұмысы ғылыми баяндау логикасының жүйелілігімен, тұжырымдардың нақтылығымен, дәлелдердің дәйектілігімен және ғылыми терминологияның орынды қолданылуымен ерекшеленеді. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны академиялық жазу талаптарына толық сәйкес келеді, ғылыми стиль</p>

		<p>бірізді сақталған. Жұмыс сауатты жазылған, мазмұнды ғылыми тұрғыдан негізделген және зерттеу мәселесін жан-жақты ашатын нақты материалдарға бай. Жалпы алғанда, диссертацияның тілі мен баяндау мәдениеті ғылыми жұмыстарға қойылатын заманауи талаптарға толық жауап береді.</p>
<p>11. Диссертациялық жұмысқа қойылатын ескертулер</p>		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Диссертацияда ұсынылған кәсіби-экономикалық тезаурус практикалық маңызға ие. Дегенмен оны электрондық форматта (цифрлық сөздік немесе веб-ресурс түрінде) әзірлеу мүмкіндіктері қарастырылса, нәтижелердің қолжетімділігі мен қолданбалы құндылығы арта түсер еді.</li> <li>2. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері кеңінен пайдаланылған. Дегенмен мәтінде кейбір авторлардың аты-жөнін беру формасын біріздендіру ұсынылады.</li> <li>3. 2-тарауда кейбір терминдердің берілу формасын біріздендіру ұсынылады. Бұл диссертация мәтінінің рәсімделу сапасын одан әрі арттыра түсер еді.</li> </ol>
<p>12. Зерттеу тақырыбы бойынша докторант макалаларының ғылыми деңгейі</p>		<p>Докторанттың диссертациялық зерттеуінің негізгі нәтижелері 20 ғылыми еңбекте көрініс тапқан. Оның ішінде 2 оқу-әдістемелік еңбек, Scopus халықаралық деректер базасына енген ғылыми журналдарда жарияланған 4 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған 6 мақала және халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарияланған 8 мақала бар.</p> <p>Жарияланған еңбектердің мазмұны диссертациялық зерттеудің тақырыбы мен негізгі нәтижелеріне толық сәйкес келеді. Мақалаларда болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік мәселелері жан-жақты қарастырылған.</p> <p>Жалпы алғанда, докторанттың жарияланымдарының саны мен сапасы PhD докторы дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал зерттеу нәтижелерінің халықаралық және отандық ғылыми басылымдарда жариялануы диссертациялық жұмыстың ғылыми маңыздылығын растайды.</p>
<p>13. Қорытынды</p>		<p>Жаназарова Загира Кожабаевнаның «Жобалау технологиялары арқылы экономикаға батылталған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі</p>

	аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмыста қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық маныздылығы мен практикалық құндылығы жеткілікті деңгейде негізделген және 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілдері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетке ұсыныс жасаймын.
--	--

**Ресми рецензент:**  
**Философия докторы (PhD)**

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық  
казак-түрік университетінің қауымдастырылған профессоры  
email: [gulnara.tizalodjaeva@aucl.edu.kz](mailto:gulnara.tizalodjaeva@aucl.edu.kz)



Ризаходжаева Гүлнара Абдумәхитқызы



	аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмыста қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық маңыздылығы мен практикалық құндылығы жеткілікті деңгейде негізделген және 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілдері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетке ұсыныс жасаймын.
--	--

**Ресми рецензент:**

**Философия докторы (PhD)**

К.А. Ясауи атындағы Халықаралық

казак-түрік университетінің қауымдастырылған профессоры

email: [gulnara.gizahodjaeva@auu.edu.kz](mailto:gulnara.gizahodjaeva@auu.edu.kz)

Ризаходжаева Гүлнара Абдумажитқызы Қолыма

**РАСТАЙМЫН:**  
Қ.А.Ясауи атындағы  
Халықаралық казак-түрік  
университеті Кадр  
бөлімінің басшысы

